

Атажанов И.И.

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

УДК: 378.155.338.64

В данной статье рассмотрены вопросы развития предпринимательства в образовательной деятельности на основе послание Казахстан-2050 материалов «Дорожная карта бизнеса-2020». Также приведены результаты обучения студентов специальности 5В012000- «профессиональное обучение».

Ключевые слова: *образовательная деятельность, профессиональная обучения, специальность, высшие учебные заведения.*

This article examines the development of entrepreneurship in educational activities on the basis of the message of the Kazakhstan-2050 material "business Road map-2020". Also the results of study students majoring 5B012000 "vocational training".

Key words: *razovatelej activities, occupational training, profession, institution of higher education.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауында Қазақстан бизнесті жүргізуге ең қолайлы жағдайы бар елдер тобына кіреді және біз бұл үрдісті өрістетуге тиіспіз делінген. [1] Осыған байланысты Үкіметке 2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік бағдарлама енгізілуін тапсырған. Осының негізінде дайындалған "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленген.

Шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы. Экономикамызда шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын Қазақстанның дамуы да орықты бола түседі. Бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр.

Шағын және орта бизнес – біздегі Жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік экономикалық негізі. Оны дамыту үшін жеке меншік институтын заңнамалық тұрғыда нығайтатын кешенді шешімдер қажет. Бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күшін жою керек. Шағын бизнес ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс[1].

Шағын бизнесті мамандандыруды келешекте оларды орта деңгейге көшіру перспективасымен дамыту шараларын қабылдау маңызды болмақ. Осы сектор субъектілерінің банкроттығының айқын тетіктерін енгізген жөн. Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуға тиіс.

Кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес шағын және орта бизнес субъектілеріне мынадай қолдау болады:

- 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін, сәуірден бастап тексеру жүргізуге мораторий жарияланады;
- жоспарлы тексеру тәжірибесі алынып тасталып, әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жүйесі жасалатын болады;
- 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жою рәсімдері қарапайымдандырылатын болады;
- рұқсат беруді автоматтандыру аяқталатын болады. Электронды форматқа кем дегенде оның 140 түрі көшеді;
- 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жер телімін рәсімдеу мерзімі 30 күннен аспайтын болады;
- экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде қабылданған реттеуші ықпал ету қағидаты заңмен бекітілетін болады;
- жаңа Бизнес-омбудсмен институты енгізілетін болады[2].

2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік бағдарлама енгізілуін тапсырған. Осының негізінде дайындалған "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленген[3].

Бағдарламаның мақсаты экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады.

Бағдарлама екі кезеңмен жүзеге асырылатын болады 1-ші кезең 2010-2014 жылдар аралығында бағдарлама міндеттемелерінің шешілуі мыналарды қамтиды: 1) жаңа бизнес бастамаларды қолдау; 2) кәсіпкерлік секторды сауықтыру; 3) шетелге тауар шығарушыларды қолдау.

2-ші кезең 2015-2020 жылдар аралығында жаңа бағдарламаларды қолдау, шетелге тауар шығарушыларды қолдау сияқты екі бағыт бойынша іске асырылады.

Егер талдау жасасақ, жеке кәсіпкер өз нарығын зерттеу, тәуекелдікке жоспар құру, маркетингтік зерттеу, тұтынушыны сыйлау, тұтынушыға әсер ету сияқты ұғымдарды қажеті жоқ деп санайды немесе білмейді, білуге талпынбайды. Олар өз ісін ашқан кезде көп жағдайда ісі ілгерілеген біреуге, дүкен ашқан көршісіне қарайды. Экономистердің зерттеуі

бойынша АҚШ-тың өзінде ашылған кәсіптің жалпы 90%-ы, әр 3 жыл сайын 10%-ы жабылып қалады екен. Бұл 200 жылдық кәсіпкерліктің тәжірибесі бар елдегі жағдай.

Кәсіпкерлік қабілеттілік деген адамдардың ерекше таланттылығы. Оны оқу білім арқылы ашуымыз керек. Кәсіпкердің 4 функциясын түсінуіміз керек:

1. Кәсіпкер барлық ресурстарды жерді, капиталды, еңбекті өз жауапкершілігіне алады. Шумпетердің теориясы бойынша кәсіпкерді төртінші өндіріс күші ретінде де қарастырады.

2. Кәсіпкер өндіріс процесінде барлық шешімдерді өз қолына алады.

3. Кәсіпкер бұл жаңашыл жаңа тауар өндірудің, жаңа технологияны енгізуді, кәсіпті ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізуде аянбай жұмыс істейді.

4. Кәсіпкер тәуекелге баратын адам. Тәуекелге баратын істі егжей-тегжейлі айқын талдайды. Нарықтық экономика жағдайында ешкім әшейін жұмыс істемейді. Сондықтан кәсіпкер өзінің уақытын, еңбегін, іс-қабілетін ғана тәуекелге салмайды, өзінің серіктестерінің, акционерлердің қаржыларын да тәуекелге салады. Сондықтан кәсіби білім беру жүйесінде студенттің кәсіби жүйесін қамтамасыз ету, қазіргі кездегі өзекті мәселе болып отыр. Кәсіпкерлік қызмет негіздері немесе бизнес ұйымдастыру негіздерінің оқыту мақсаты болашақ мамандарға кәсіпкерліктің негізгі экономикалық жағдайы, нарыққа тауар, қызметтер ұсыну, тауарлардың, қызметтердің түрлерін, тұтынушылардың ақша қаражат көлемін, жұмыс орнын, жұмыс күшінің артық-кемуін, еңбекақы қоры, қарыз беретін мекемелердің ақша ресурстары болуын, кәсіпкерлік қабілет, тәуекелділік, кәсіпкерліктің түрлері, кәсіпорындардың негізгі формаларын түсіндіру және Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің дамуы, капитал айналымы туралы түсініктер беру болып табылады. Бұл тек экономист мамандарына ғана емес барлық мамандық түрлеріне керекті біліммен зерделенуі керек. Бұл мақсатымызды алға қою үшін бізге кәсіпкерліктің қажетті кәсіби дағдылары мен ілімдерін студенттерге үйретуге байланысты міндеттер тұр. Бұл міндеттерге болашақ мамандардың кәсіби қызметінде пайдалану мақсатында кәсіпкерлік негіздер бойынша білім беруіміз керек. Практикалық қызметте қажет кәсіпкерліктің теориялық негіздерін қалыптастыру үшін икемділік пен дағдыларды қалыптастыру. Кәсіпкерлік қызметті қалыптастыру, шешімдерді өз бетінше қабылдау үшін студенттер бойында икемділікті, сонымен бірге білім беру мекемелерінің өзінде кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру керек. Білім беру мекемелерінде тауар өндіруді, ақылы білім беруді ұйымдастыруға болады, кәсіпкерліктің бірқалыпты қызметін қамтамасыз етуші барлық ресурстарды жоспарлаудың оңтайлы жүйесін анықтауды үйрету, шаруашылық қызметіне талдау жасауды, персоналды басқаруды үйрету

керек. [4] Себебі әрбір кәсіпкер өзінен басқа кәсіпкерлік формасына сәйкес, 3-4 одан да көп персонал алады. Персоналды басқаруда оның психологиясына қарау керек. Қазір біз қаржымызға қызмет, тауар сатып алғанда дәрежеліктерге кездесеміз. Бұл кәсіпкерлік психологиясын білмеу деген сөз. Кәсіпкер ретінде қарым-қатынас психологиясын үйрету, мұның бәрін оқу орнында үйрету керек. Кәсіпкерлік қызметті оқытуға келсек, X-XI сынып бағдарламаларының бір нұсқасы кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері деп аталған. Бұл пән неге екені белгісіз қазір алынып тасталған. Қазақстанда 2002 жылы еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мамандығы бойынша педагогтар даярлау басталды. Аталған мемлекеттік стандарттарда бірнеше кәсіби бағытта бағдарлама ұсынылғанмен түлектің біліктілік сипаттамасында кәсіби іс-әрекет объектілерінде кәсіпкерлік саласы назардан тыс қалған. Типтік жоспарға еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мамандарының оқу жоспарында экономикалық және кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері бойынша пәндер еңбей қалған.

Білім беру мекемелерінде кәсіпкерлік негіздерге оқыту қазіргі уақыт талабы. Қазіргі студент - ертеңгі маман, немесе кәсіпкер. Кәсіпкерліктің қыр-сырларын меңгеріп өмірде өз орнын табуы керек. Білім ордасы қабырғасында жүріп те оларға өзі жақсы көретін кәсібімен айналысуына жағдай жасауымыз керек. Университет, колледждерде бизнес-инкубаторлар ашу керек. Студенттер арасында идеясы мықты жастар табылып жатса, ояларын іске асыруға көмектесуге кәсіпкерлер палатасы тарапынан қолдау қажет. Мұнымен қоса, жастардың идеясын ірі бизнесмендерге таныстырып, солардың да тарапынан қолдау табуға мүмкіндік жасау қажет [4].

Осы орайда бизнес инкубатор, бизнес орталықтар ұйымдастыру әр білім беру мекемесінің құзырында болу керек сияқты. Себебі әлемдік тәжірибеде солай болған да. Барлық жоғарғы оқу орындарында бизнес инкубаторлар болған. Онда өз кәсібімен айналысатын, шағын қызмет көрсететін, шағын өндірісін ашқысы келген студенттер жұмыс істеген. Бұл орталықтандырылып, басқарылып отырған. Бұл ретте ғылыми жұмыстарды да іске асыруға болады. Болашақ кәсіпкерлерді даярлауда сонымен бірге өңірде шағын бизнеске белсенді оқытуды жүргізу керек. Экономикалық мамандықтар бойынша қайта даярлау да керек сияқты. Өз ісін ашу үшін керекті базис ретінде экономикалық білім беруді қамтамасыз ету, маркетинг, менеджмент, қаржылық талдау бойынша тренингтер, семинарлар жүргізу керек. Студенттерді халықаралық стандарттарға бағытталған қазіргі компьютерлік техниканы қолданатын бухгалтерлік есеп жүргізуге үйрету, бизнес жоспарлау, стратегиялық жоспарлау бағдарламаларымен жұмыс жасай білуді үйрету, сонымен қатар өз ісін жүргізу мүмкіндігін анықтау үшін тест өткізу. Сонда ғана кәсіпкерлер керекті кеңестерді алып, өз мақсаттарын жүзеге асыра алады [5].

Ресейдің «Жыл кәсіпкері» атағын иеленген Серікбай Есекеев Қазақстан тумасы. Оның айтуынша Қазақстан дүниежүзілік сауда ұйымына кіргеннің өзінде мұндағы жұмысын жемісті жалғастыру үшін, кәсіпкерлік курстарын мектеп қабырғасынан бастап енгізу керек [8].

Бизнестің және кәсіпкерліктің ерекшеліктерін әр қырынан талдау, әсіресе, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың Өнер факультеті Кәсіптік оқыту мамандығы күндізгі бөлімінің 4 курс студенттерінің сабаққа деген ынтасы жоғары деңгейде. Бұны сабақ барысында қойған сұрақтарды, берілген тапсырмаларды сапалы және дер кезінде орындаудан байқауға болады. Тапсырмаларды орындауға қажетті көрсетілген әдебиеттерге қосымша әдебиеттерді, бұқаралық ақпарат құралдарын, интернет материалдарын пайдаланғанын көруге болады. Нәтижесінде студенттердің білім деңгейін бағалайтын блок жауаптары, емтихан бағалары жоғары екендігіне және оқу соңында өткізілетін университет студенттерінің ғылыми конференцияға кәсіпкерлік саласында баяндама жасайтын студенттердің жеткілікті екендігін көрсетеді. Бұл бітіруші курс студенттерінің Қазақстандағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асырудың негізінің бірі – кәсіпкерлік мамандығын таңдау жұмыстарын ғылыми негізде, заман талабына сай ұйымдастыру болып табылады. Мұнда, жастардың мамандыққа деген талабы қоғамның мақсаты мен қажетіне сай келуі, мамандық таңдауда адамның жеке мүддесі мен қоғамдық мүдденің үйлесімділігі, мамандық адам баласының игілігі мен оның өсіп жетілуіне мүмкіндік тудыратыны,

мамандықты өз еркімен және саналы түрде таңдауы мамандық таңдаудың алғышарттары болады. [6,7].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың заман талабына сай нақты тапсырмаларын, Республика Үкіметінің кәсіпкерлікті дамыту бойынша "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы және оқулықтардан кәсіпкерлік негіздерін жоғары оқу орны аудиторияларында үйренген студент, әсіресе бітіруші курс студенттері Қазақстан кәсіпкерлерінің санын қысқа уақытта арттыруға өздерінің салмақты үлестерін қосады деген үміттеміз.

Әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Қазақстан халқына жолдауы. Астана 17.01.2014.
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы (№757 27 ақпан 2014ж. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы)
3. Брошюра «Бизнестің жол картасы» болашаққа бастайтын бағдар. Астана, қараша 2010 ж. 10 бет.
2. Сәбден О., Тұрғынбаева А. Шағын бизнес негіздері: Оқу құралы.-Астана: Фолиант, 2008.-176 бет.
3. Бисенғазиев М.Б., Хамитов А.Ш. Кәсіпкерлік негіздері. Орал: Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті баспасы, 2001-242 бет.
4. Атажанов И.И. Білім беру мекемелерінде кәсіпкерлік қызмет пәнін оқыту ерекшеліктері. А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың Хабаршысы №2. 2009ж. 190-192 б.б.
5. Пошаев Д.Қ. Мамандық таңдау негіздері. Кестелі оқу құралы Шымкент, ОҚМУ, 2007-84 бет.
6. www.google.com
7. www.kazret.narod.ru
8. www.government.kz

Рецензент: д.пед.н., профессор Бабаев Д.